

Маңғыстау облысы әкімдігінің "Мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруға арналған "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ несиелендіру" бағдарламасы бойынша облыстық бюджетте қаралған қаражатты пайдалану Нұсқаулығын бекіту туралы" 2008 жылғы 3 маусымдағы N 404 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2008 жылғы 14 шілдедегі N 518 қаулысы. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2008 жылғы 19 тамызда N 2023 тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 2012 жылғы 11 шілдедегі № 01-30-1018 хатымен

**Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 2012.07.11 № 01-30-1018 хатымен.**

Қазақстан Республикасының " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы заңдарына сәйкес, облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Маңғыстау облысы әкімдігінің "Мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруға арналған "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ несиелендіру" бағдарламасы бойынша облыстық бюджетте қаралған қаражатты пайдалану Нұсқаулығын бекіту туралы" 2008 жылғы 3 маусымдағы N 404 қаулысына ( нормативтік құқықтық актілерді тізілімінде N 2016 болып тіркелген, 2008 жылғы 14 маусымдағы N 92 "Маңғыстау" газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс е н г і з і л с і н :

қоса берілген "Мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруға арналған " Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ несиелендіру" бағдарламасы бойынша облыстық бюджетте қаралған қаражатты пайдалану Нұсқаулықтың 2 тарауындағы 7 тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Бір қарыздың ең жоғарғы сомасы 50 млн. теңгеден аспауы тиіс."

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары М.М. Бортникке жүктелсін.

3. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*Қ. Көшербаев*

